

2005 жылғы 25-27 мамырдағы Алматы қаласындағы Ақпаратқа кіру, жұртшылықтың шешімдер қабылдау процесіне қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша әділ сот ісін жүргізуге қол жеткізу туралы конвенция тараптарының Екінші конференциясын өткізудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 16 мамырдағы N 462 Қаулысы

2005 жылғы 25-27 мамырдағы Алматы қаласындағы Ақпаратқа кіру, жұртшылықтың шешімдер қабылдау процесіне қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша әділ сот ісін жүргізуге қол жеткізу туралы конвенция тараптарының Екінші конференциясын (бұдан әрі - конференция) өткізуді тиімді ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі шақырған шетелдік азаматтарға - конференцияға қатысушыларға визалық қолдау көрсетсін және консулдық алымдар төлемей, виза беруді жүргізсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі